

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 22 маусымдағы N 569 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы**

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттары; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 21-22, 86, 87-құжат; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 2, 20-құжат; N 3, 22-құжат; N 5-6, 31-құжат; 2006 жылғы 17 мамырдағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 13 мамырдағы "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудиторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 мамырдағы **З а ң ы** ) :

1) келесі мазмұнды 240-1-бабымен толықтырылсын:

"240-1-бап. Өндірістік экологиялық бақылауды өткізу талаптарын бұзу

Өндірістік экологиялық бақылауды өткізу талаптарын бұзу, - жеке тұлғаларға - жиырма бес, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік

субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есеп көрсеткіштерінің мөлшерінде айыппұл салынады." ;

2) 243-бабы мына редакцияда жазылсын:

"243-бап. Экологиялық рұқсатта белгіленген қоршаған ортаға шығарындылар нормативтерінің шегінен асуы немесе экологиялық рұқсаттың болмауы

Егер осы әрекеттерде қылмыстық айыптау белгілері жоқ болса, экологиялық рұқсатта белгіленген қоршаған ортаға шығарындылар нормативтерінің шегінен асуы немесе экологиялық рұқсаттың болмауы, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қоршаған ортаға эмиссиялар эмиссиялардың шегінен асқан көлемі үшін төлем ставкасының бір мың проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

3 ) 261 - б а б ы н д а :

атауы мына редакцияда жазылсын:

"261-бап. Өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеуге, сарқынды сулардың төгінділерімен жұмыс істеу талаптарын бұзу";

бірінші абзац мына редакцияда жазылсын:

"Өндіріс және тұтыну қалдықтарымен, сондай-ақ сарқынды сулардың төгінділерімен жұмыс істеу талаптарын бұзу";

4 ) 554 - б а б ы н д а :

бірінші бөлігінде "шаруашылық" деген сөзден кейін "және басқа да" деген сөздермен толықтырылсын ;

екінші б ө л і г і н д е :

екінші абзацта "қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аумақтық мемлекеттік аға және аумақтық мемлекеттік инспекторлар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) мемлекеттік экологиялық инспекторлары және мемлекеттік экологиялық аға инспекторлары" деген сөздермен ауыстырылсын ;

үшінші абзацта "Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарды қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары, табиғи ресурстарды қорғау жөніндегі аумақтық мемлекеттік бас инспекторлардың орынбасарлары" деген сөздерді "Қазақстан Республикасының мемлекеттік экологиялық инспекторы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

төртінші абзацта "табиғи ресурстарды қорғау жөніндегі мемлекеттік аға инспекторлары" деген сөздер "мемлекеттік экологиялық аға инспекторлары" деген сөздермен толықтырылсын ;

бесінші абзацта "табиғи ресурстарды қорғау жөніндегі аумақтық мемлекеттік бас

инспекторларының" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) мемлекеттік экологиялық бас инспекторлары" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

алтыншы абзацта "Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарды қорғау жөніндегі мемлекеттік бас инспекторы мен оның орынбасарлары" деген сөздер "Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарды қорғау жөніндегі мемлекеттік экологиялық бас инспекторы мен оның орынбасарлары" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5) 636-баптың 1 бөлігіндегі 1) тармақшасының тоғызыншы абзацында "306 (екінші бөлік)" деген сөздерден кейін "(306-1 (үшінші бөлік))" деген сөздермен толықтырылсын ;

6) 638-бап мына мазмұндағы 3-1 бөлігімен толықтырылсын:  
"3-1. 240 (бірінші бөлік), 250 (бірінші бөлік), 261, 265, 304 (екінші бөлік) баптарымен қарастырылған жағдайда, қоршаған ортаға келтірілген зиянның сомасын белгілеу қажет болғанда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама, зиянның бағасы белгіленген сәттен тәулік ішінде жасалады."

2. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 133, 139-құжаттар; N 21-22, 160-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 14, 82-құжат; N 20, 136-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; N 21-22, 86, 87-құжат; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 4, 5-құжат; N 3, 22-құжат; 2006 жылғы 17 мамырдағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 13 мамырдағы "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудиторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 мамырдағы Заңы; 2006 жылғы 24 мамырдағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 13 мамырдағы "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) "Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 6 мамырдағы Заңы):

1) мәтін бойынша "қоршаған ортаны ластағаны", "қоршаған орта ластануының", "қоршаған ортаны ластау" деген сөздер "қоршаған ортаға эмиссиялар" деген сөзімен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) 459, 460, 461-баптар мына редакцияда жазылсын:  
"459 - б а п . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы (бұдан әрі - төлемақы) қоршаған ортаға эмиссия үшін арнайы табиғатты пайдалану тәртібімен алынады.

2. Арнайы табиғатты пайдалану қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның беретін кешенді экологиялық рұқсаты негізінде жүзеге асырылады.

3. Белгіленген тәртіп бойынша рәсімделмеген қоршаған ортаға эмиссиялар жылжымалы көздердің ластаушы заттар шығындарынан басқа белгіленген нормативтерден тыс қоршаған ортаға эмиссиялар ретінде қарастырылады.

4. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы аумақтық уәкілетті органдар тоқсан сайын, есеп беретін тоқсаннан кейінгі екінші айдың 1-күнінен кешіктірмей өзі тұрақталған орындағы салық органдарына уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен нысан бойынша м ә л і м е т

ұ с ы н а д ы .

4 6 0 - б а п . Т ө л е у ш і л е р

Төлемақы төлеушілері болып жеке және заңды тұлғалар табылады:

1) Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасымен бекітілген тәртіпте экологиялық рұқсат алғандар;

2) Қоршаған ортаны ластайтын жылжымалы көздері бар. 4 6 1 - б а п . С а л ы қ с а л у о б ь е к т і с і

Салық салу объектісі қоршаған ортаға белгіленген нормативтер шегінде эмиссиялардың нақтылы көлемі және (немесе) қоршаған ортаға белгіленген эмиссия нормативтерінен жоғары көлемі болып табылады".

3. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 13, 99-құжат; 2005 ж., N 9, 26-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат):

1) 43-бап мына мазмұндағы 13-тармақпен толықтырылсын:

"13. Жер учаскелерінің меншік иесі және жерді пайдаланушылар жерді пайдалану құқығын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес экологиялық рұқсаттар алу қажет";

2) 65-баптағы мына мазмұндағы 1-тармақ 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) айқындалған оларға жатпайтын өндіріс және тұтыну қалдықтары туралы жергілікті атқарушы органдарға уақытылы хабарлау";

3) 145-баптың 4-тармағында "тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтар" деген сөздер "өндіріс және тұтыну қалдықтары" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 16, 140-құжат; 2004 ж., N 2 3 , 1 4 2 - қ ұ ж а т ) :

1) 29-бап мына мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Орманды пайдалану құқығын, қоршаған ортаны эмиссиялауды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамаларына сәйкес экологиялық рұқсаттар алу қажет";

2) 62-бап мына мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында бекітілген экологиялық

талаптардың сақталуын қамтамасыз ету".

5. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 17, 141-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат):

1) 22-бап мына мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Суды пайдалану құқығын жүзеге асыруға экологиялық заңнамаға сәйкес экологиялық рұқсаттар алу қажет";

2) 112-баптағы 5-тармақ "міндетті" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында бекітілген экологиялық талаптарды сақтау, және" деген сөздермен толықтырылсын.

6. 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 8-9, 53-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж., N 14, 55-құжат; N 21-22, 87-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; 2006 жылғы 17 мамырдағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 13 мамырдағы "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудиторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 мамырдағы Заңы):

1) 47-баптағы 1-тармақтың 3) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

"3) қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төленетін төлем";

2) 48-баптағы 1-тармақтың 10) тармақша мына редакцияда жазылсын:

"10) қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төленетін төлем";

3) 50-баптағы 1-тармақтың 8) тармақшасының он сегізінші абзацын мына редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптамасын жүргізу".

7. "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжаттар; N 13-14, 173, 176-құжаттар; N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 15, 151-құжат; N 19-20, 165-құжат; 2003 ж., N 1-2, 2-құжат; N 4, 25-құжат; N 6, 34-құжат; N 10, 50, 51-құжаттар; N 11, 69-құжат; N 14, 107-құжат; N 15, 124, 128, 139-құжаттар; 2004 ж., N 2, 9-құжат; N 5, 27-құжат; N 10, 54-құжат; N 14, 82-құжат; N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат;

№ 17, 98-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; № 11, 37-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 жылғы 17 мамырдағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 13 мамырдағы "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудиторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 мамырдағы Заңы):

9-бап 1-тармақтағы 58) тармақша алып тасталсын.

8. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 182-құжат; 1999 ж., № 11, 357-құжат; № 21, 787-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; 2004 ж., № 22, 131-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 16, 70-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат):

1) 48-баптағы 1-тармақта "қоршаған ортаны қорғау туралы заңнамамен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 49-бапта:

4-тармағын мына редакцияда жазылсын:

"4. Жер қойнауын тиімді пайдалану саласындағы талаптарды бұзу салдарынан келтірілген зиянның көлемін жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласындағы уәкілетті орган жер қойнауын пайдаланушылармен бірлесе отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіп бойынша айқындалады.";

мына мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Жер қойнауын қорғау саласындағы талаптарды бұзу салдарынан келтірілген зиянның көлемі қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес айқындалады.";

3) 50-баптағы 1-тармағында "табиғатты пайдалануға рұқсаттар" деген сөздер "экологиялық рұқсаттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ортаны" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын.

9. "Банкроттық туралы" 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 1-2, 7-құжат; № 13-14, 205-құжат; 1998 ж., № 14, 198-құжат; № 17-18, 225-құжат; 2000 ж., № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 4, 26-құжат; № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 57-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат):

2-бабының 5-тармағы мына редакцияда жазылсын:

"5. Шаруашылық және өзге қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын заңды тұлғалар банкрот болған кезде олардың қызметіне тәртібі Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес айқындалатын міндетті

экологиялық аудит жүргізіледі."

10. "Атом энергиясын пайдалану туралы" 1997 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 83-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

13-бап мына мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Радиоактивті материалдар мен қалдықтарды пайдаланған кезде Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасымен бекітілген экологиялық талаптар сақталуы керек".

11. "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 1997 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 215-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; 2001 ж., N 3, 20-құжат; N 24, 338-құжат; 2004 ж., N 10, 57-құжат; N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат):

48-баптағы 2-тармақ "Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасымен бекітілген" деген сөздермен бекітілсін.

12. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 17-құжат; N 9, 86-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 103-құжат; 2004 ж., N 10, 56-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 142-құжат; N 24, 144-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат):

6-бапта 5-тармақ мына редакцияда жазылсын:

"5. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астананың мәслихаттары қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес бекітеді".

13. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 243-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 6, 10-құжат; N 7-8, 19-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат):

9-баптағы 1-тармақ "ортаны" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасымен бекітілген объектілердің жіктеуіне сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын.

14. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 18, 107-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат):

1) 12-баптағы 1-тармақ "талаптары" деген сөзден кейін "экологиялық" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 26-бап мына мазмұндағы 1-2-тармақпен толықтырылсын:

"1-2. Әуесқойлық (спорттық) аң аулау мен балық аулауды, ғылыми зерттеулерді

қоспағанда, жануарлар дүниесін арнайы пайдалануды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес экологиялық рұқсат алу қажет."

**2-бап.** Осы заң оның ресми жарияланғанынан он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ